**Әйтеке би ауданы Толыбай ауылы**

**«Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Толыбай жалпы орта білім беретін мектебі» комуналдық мемлекеттік мекемесінің өзін-өзі аттестаттау нәтижелерінің**

**ҚОРЫТЫНДЫСЫ**

**2022 жыл**

# 1. Жалпы сипаттама

1. Білім беру ұйымының толық атауы:
   Ақтөбе облысы Әйтеке би ауданы «Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Толыбай жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

2. Білім беру ұйымының орналасқан жері:

   Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы, Әйтеке би ауданы, Ақтасты ауылдық округі, Толыбай ауылы, Темірбек Жүргенов көшесі, №11 үй. Пошта индексі: 030104

3. Заңды тұлғаның байланыс деректері: Телефон : 8 (713) 47 26 7 20
   электронды пошта: tolybai_zhobbm@mail.ru
   Web-сайт: tolybai.aitekebi.edu.kz

4. Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері :
   Мектеп директоры Каирбаева Алтын Сандыбековна (көшірме қоса жалғанды)
   Байланыс телефондары: 8(713)47 26 7 66. Ұялы телефон 8775 978 41 08, Әйтеке би аудандық білім бөлімінің 2019 жылғы 19 қарашадағы №187 бұйрығымен мектеп директоры болып тағайындалды.

5. Құқық белгілейтін және құрылтайшылық құжаттары:
   «Қазақстан Республикасы Ақтөбе облысының әділет департаменті (филиалдың немесе өкілдіктің) мемлекеттік (есептік) қайта тіркеуі 2015 жылы 8 желтоқсанда жүргізілді. (көшірме қоса жалғанды)

6. Рұқсат беру құжаттары:
   Лицензия берілген күні: 2021 жылғы 28 қаңтар № KZ17LAA00020653
   Лицензияр: «ҚР Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті» мемлекеттік мекемесі

7. Алғашқы мемлекеттік тіркеу күні:
   04.07.1997ж
   БСН:970740001698;
   Берілген күні: 13.01.2021ж

   Мектеп жарғысы Ақтөбе облысы әкімдігінің 2020 жылғы 23 желтоқсанындағы № 469 қаулысымен бекітілген. Тіркеу номері:152-1904-16-ММ

**Жалпы сипаттамасы**

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Толыбай жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің құрылтайшысы «Ақтөбе облысы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі болып табылады.

Мектептің құрылтайшы құжаттары қоса салынды.

| | |
|---|---|
| Мектеп ғимараты | 1989 жыл 1 қыркүйек |
| Сыйымдылығы | 120 |
| Жалпы мәліметтері | Жалпы аумағы: 708,8м$^2$ Ғимарат ауқымы:514,3$^2$ |
| Қабаттылығы | 1 – қабатты |
| Жылу жүйесінің түрі | қатты отын |
| Сумен қамтамасыз етілуі | орталықтандырылған |
| Білім беру тілі | Қазақ |
| Педагог кадрлар саны | Барлығы - 29<br>Жоғары білімді -19<br>Арнаулы орта - 10<br>Бірінші санатты - 0<br>Жоғары - 1<br>Педагог – зерттеуші - 6<br>Педагог – сарапшы - 10<br>Педагог – модератор - 2 |
| Кітапханашы | 1 |
| Іс- қағаз жүргізуші | 1 |
| Техникалық персонал саны | 19 |
| Мектептің материалдық – техникалық базасы | |
| Сынып бөлмелерінің саны | 7 |
| Оқу шеберханасы | 1 |
| Жаңа үлгідегі кабинеттер саны | 2 (биология, физика) |
| Интерактивті тақта | 1 |
| Мектептің жұмыс уақыты | Жұмыстың басталуы:7:45<br>Жұмыстың аяқталуы: 20:00 |
| Ауысым саны | 2 |

Толыбай жалпы орта білім беретін мектебі бойынша 11 класс комплектісінде – 7 оқушы, мектеп алды даярлық класында – 6 тәрбиеленуші білім алуда.

Мектепте оқу – тәрбие процесінде білім алушыларға 29 педагог қызметкер білім береді. 2009 жылы мектепке өрттен сақтандыру дабыл қаққышы қондырылды. 2020 жылы 16 бейнебақылау қондырылды.

Мектепке 2008 жылы (құны – 3 000 000 теңгеге) физика кабинеті, 2020 жылы (құны 5 510 400 теңгеге) биология кабинеті берілді.

**Жұмыс орын: «Толыбай ЖОББМ» КММ – і мектепалды даярлық тобы, «Құлыншақ» шағын орталығы**

**Мектепалды даярлық тобының және «Құлыншақ» шағын орталықтың жұмыс тәртібі:**

Мектепалды даярлық тобы, «Құлыншақ» шағын орталығы бес күн жұмыс істейді. Демалыс күндері: сенбі, жексенбі. Топта болу ұзақтығы: І ауысым – 9.00-12.00, ІІ ауысым – 14.00-17.00. Үзіліс уақыты – 10 минут. Тәрбие және оқыту қазақ тілінде.

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары**

**8)Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптар:**

**1)Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №8275 болып тіркелген) білім беру салаларының және ұйымдастырылған оқу қызметінің МЖМБС талаптарына және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі МДТО ҮОЖ) сәйкестігі.Бағаланатын кезеңде әзірленген және білім беру ұйымының басшысымен бекітілген жұмыс оқу жоспарларының көшірмелері қоса беріледі;**

Ұйымдастырылған оқу қызметінің бөлінуін растайтын құжаттар,күн тәртібі,бекітілген өтпелі тақырыптар мен циклограммаларға сәйкес перспективалық жоспар,оның ішінде жылдық жұмыс жоспарлары бекітілді.

2021-2022 оқу жылында Мектепалды даярлық сыныбына 6 -тәрбиеленуші қабылданды, «Құлыншақ» шағын орталығында 24 бала бар, үш топқа бөлінді. І кіші топ – 3-4 жас-8бала, ортаңғы топ – 4-5 жас.-8 бала: ересек топ -8бала:

Мектепке дейінгі білім берудің оқу жоспарлары «Білім туралы» Қазақстан Республикасының заңына сәйкес және Қазақстан Республикасы үкіметінің 2016 жылғы 13 мамырдағы №292 қаулысымен және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 маусымдағы №391 бұйрығына 1-қосымшамен бекітілген мектепке дейінгі білім берудің үлгілік оқу жоспарлары және мектепалды даярлық сыныптарына арналған оқу бағдарламалары арқылы жүзеге асырылды. Орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын іске асыру мақсатында әзірленген және МЖМБС – ның құрамдас бөлігі болып табылады.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жоспарлары МЖМБС – ның білім беру салалары: «Денсаулық», «Коммуникация», «Шығармашылық», «Таным», «Әлеумет» бойынша жас кезеңдеріне бөлуді ескере отырып, педагогикалық процесті ұйымдастыруды қамтамасыз етті. 2012 жылғы МЖМБС – ға сәйкес 5-6-7 жастағы балаларды мектепалды даярлық топтары мен сыныптарындағы оқу жүктемесі 24 сағатты құрады. Оның ішінде 20 сағат ұйымдастырылған оқу әрекетіне қарастырылған, 4 сағат вариативтік компонентті құрады.

Шағын орталықта сабақтардың ұзақтығы – ІІ кіші топта – 7-15 минут, ортаңғы және ересек топта – 15-20 минут. Ортаңғы топ бойынша вариатив – 2 сағат. ІІ кіші топта вариатив – 1 сағат. Оқу аптасының ұзақтығы – 36 апта.

**2020-2021 оқу жылында:**

- ҚР БҒМ 2012 жылғы 12 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары (2018 жылғы 10 қазандағы № 556 бұйрығымен);(№195 12 мамыр 2020) өзгерістер мен қосымшалар.
- ҚР БҒМ 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке

дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламалары;(№88 6 наурыз 2020) өзгерістер мен қосымшалар;
ҚР Үкіметінің 2016 жылғы 13 мамырдағы № 292 қаулысымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (бұдан әрі - МДТОМЖС);
ҚР БҒМ 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы ;
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары (ҚР БҒМ 2016 жылғы 22 маусымдағы №391 бұйрығына 1-қосымша);

Ақтөбе облыстық білім басқармасының 2020 жылғы 15 қазандағы №2-45-24 шығыс хаты негізінде «2020-2021 оқу жылының Қазақстан Республикасы білім беру ұйымдарындағы оқу процесінің ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатына сәйкес мектепалды сыныптарда оқу жылының ұзақтығы 33 аптаны құрайды.

**Оқу жұмыс жоспарының негізгі мақсаты:**

ҚР БҒМ 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартты орындау және жүзеге асыру (2020 жылғы 5 мамырдағы №182 өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);

**Вариативтік бөлігіндегі курстардың негізгі мақсаттары:**

1. **Мектепалды даярлық сыныптар, шағын орталықта**

Бағдарлама балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескеріп, оларды жан-жақты дамытуға бағытталған **Денсаулық»,«Қатынас»,«Таным»,«Шығармашылық»,«Әлеумет»** бес білім беру саласы және білім беру салаларының мазмұнын кіріктіру арқылы іске асырылады. Білім беру салаларының өзара кірігуі және өзара байланысы балада қоршаған ортаның тұтас бейнесін қалыптастыруды қамтамасыз етеді. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына сәйкес вариативті компонент енгізілді.

**Ұйымдастырылған оқу қызметінің жалпы көлемі -17 сағат, 3 сағат вариативтік компонентке қарастырылған. Апталық оқу жүктемесі - 20 сағат.**

Педагогикалық процесті ұйымдастыру және базалық мазмұнының толықтыру мақсатында төмендегідей бейімделген бағдарламалар қолданылады :

**«Қызықты математика»-** ***аптасына 1 сағат***, жылына – ***33 сағат***.

Бағдарламаның мақсаты:

- Оқушылардың математикалық білім, білік дағдыларын игерту;
- Шығармашылық қабілеттерін арттыру;
- Зейінін, еске сақтау, байқағыштық, қиялдау қабілеттерін дамыту;
- Оқушының оқу мен жазу дағдыларын дамытып, өз ойын еркін жеткізе алуға тәрбиелеу.

«» бағдарламасы баланың ойын, тілін, дыбыстық есту, көру кеңістігін, математикалық аңғарымын, танымы мен қарым-қатынас дағдыларын, яғни пәнді оқып үйренуге тілдік дайындығын дамытады.

Оқушыларға өз бетімен немесе бірлескен түрде әрекет етуге, ізденуге, өз жұмысының нәтижесін көріп, өзі-өзіне сын көзбен қарауына мүмкіндік береді;

- Оқушының өмір сүруіне және мектептің келесі деңгейде оқуын жалғастыруы үшін қажетті білім,білік және дағдыларды қалыптастыру.

**«Ұлттық ойын ұшқыны»** - ***аптасына 1 сағат, жылына – 36 сағат.***

Халқымыздың мәдени рухани мұрасының, салт-дәстүрінің озық үлгілерін оның бойына дарыту арқылы жүзеге асыру. Балаларға өз халқының мәдениетімен, асыл мұраларымен ұлттық әдебиеттер арқылы таныту. Балалардың денсаулығын нығайтып,ой-өрісін жетілдірумен бірге, өз халқының асыл мұраларын бойына сіңіріп, кейінгі ұрпаққа жеткізе білу тәрбиелеу.

**Міндеттері:**Денсаулықтарын нығайтуда бағытталған ойын түрлерін меңгерту; **1.**түрлі ойынға тарту арқылы шыңдау, ұмтылдыру, бірнеше рет бір ойынды ойнату барысындағы баланың 2.физиологиялық өзгерісімен қатар психологиялық тұрғыдан сенімділігінің артыру

3.Жақсыға үйретіп,жаманнан жиренуге тәрбиелеу;

**«Оригами өнері»** - ***аптасына 1 сағат, жылына – 36 сағат.***

Мақсаты: Баланың тұлға ретінде қалыптасуына әсер ету.Ақыл-ойын және ерік пен сезім белсенділігін арттыру.Балалардың танымдық қабілетін дамытып, қызығушылығын арттыру. Көрнекілік:Дидактикалық ойын,үлгі суреттер

Шағын орталықта вариативтік бөлігінде тәрбиеленушілерге өз бетімен немесе бірлескен түрде әрекет етуге, ізденуге, шығармашылық қабілеттерін арттыруға, денсаулықтарын нығайтуға, ұлттық ойындар түрлерін ойнауға дағдылану үшін 2 сағат берілді. «Ұлттық ойындар» (Денсаулық)-1сағат, «Сиқырлы суреттер» (Шығармашылық)-1сағат .

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 12 мамырдағы №195 бұйрығының 1 қосымшасы басшылыққа алынды. Осы бұйрықтың негізінде **шағын орталық** кіші топ

(2 жастан бастап), ортаңғы топ (3 жастан бастап), ересек топ (4 жастан бастап) үш топқа бөлінді. Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы – кіші топта – 10-15 минут, ортаңғы топта – 15-20 минут, ересек топта – 20-25 минут.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің жалпы көлемі кіші топта -9 сағат. Апталық оқу жүктемесі - 9 сағат. Ортаңғы топта – 11 сағат, 1 сағат вариативті компонент есебінен қарастырылған. Апталық оқу жүктемесі – 12 сағат. Ересек топта – 12 сағат, 2 сағат вариативті компонент есебінен қарастырылған. Апталық оқу жүктемесі – 14 сағат. Оқу аптасының ұзақтығы – 36 апта.

Мектепалды даярлық тобында ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы – 25-30 минут. Апталық сағат саны – 17 сағат, вариативті сағатсаны – 3 сағат. Оқу аптасының ұзақтығы – 33 апта.

**2.**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №14235 болып тіркелген) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (бұдан әрі-МДТО үлгілік оқу бағдарламасы)сәйкес білім беру қызметін жүзеге асыру;

« Толыбай ЖОББМ» КММ-гі мектепалды даярлық тобын, «Құлыншақ» шағын орталығын аттестаттау кезінде оқу-әдістемелік жұмыстың нәтижелігін анықтау мақсатында оқу-әдістемелік құжаттарына талдау жасалынды.

-Оқытудың күтілетін нәтижелері түрінде ұсынылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу;

-қимыл,коммуникативтік,танымдық,шығармашылық,әлеуметтік білім,білік,дағдыларын,өз бетінше үйрену дағдыларын қалыптастыру;

- тәрбиелеу мен оқытуда психологиялық-педагогикалық жағдай жасау;

- тәрбиеленушілердің бастауыш білім беру ұйымдарында оқыту үшін тең бастапқы мүмкіндіктерді құру;
- мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту және бастауыш білім беру арасында оқыту,дамыту,тәрбиелеу міндеттерін ескеріп,сабақтастық пен үздіксіздік ұстанымдарын қамтамасыз ету;
-тәрбиеленушілердің жеке және жас ерекшеліктерін ескеріп,оқу қызметіне дайындық;
-креативтілік,коммуникативтілікті,сыни ойлауды және командада жұмыс істей білуді дамытуға бағытталған әлеуметтік-тұлғалық қасиеттерді қалыптастыру;
«Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру шеңберінде ұлттық салт-дәстүрлер мен жалпы адами құндылықтарға негізделген рухани-адамгершілік дағдыларды қалыптастыру;

Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың мақсаты балалардың жеке қажеттіліктерін ескере отырып,олардың жан-жақты үйлесімді дамуы үшін жайлы және қауіпсіз жағдайлар жасау болып табылады.

Баланы жеке тұлға ретінде дамытудың тиімді жолдарын қарастырып,оқу-тәрбие жұмысы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті стандартына;мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына;мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес жүзеге асырылды.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 тамыз №499 бұйрығымен бекітілген «»Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасы бойынша тақырыптық материалдар топтамасын қолдандық.

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұны:**

«Денсаулық», «Коммуникация», «Шығармашылық», «Таным», «Әлеумет» білім беру салаларына негізделген және оларды әрекет түрлерін ұйымдастыру арқылы кіріктіру жолымен іске асырылды.

Білім беру ұйымында тәрбиешінің шығармашылықпен жұмыс істеуіне әдістемелік көмек көрсетіліп отырады.Мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын басшылыққа алып,тәрбиеленушілермен өткізілетін іс-шараларда жаңаша жолдарын іздестіруді жалғастырып отырады.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту үздіксіз білім беру жүйесінің алғашқы деңгейі ретінде қазірге әлемге бейімделуге қабілетті бала тұлғасының қалыптасуы мен дамуына жағдай жасалған.

Тәрбиеші сыни ойлау технологиясының тиімді әдіс-тәсілдерін қолдану арқылы тәрбиеленушілердің білім алуға деген ұмтылысын ояту арқылы пікірлерін қалыптастырып,баланы дайын білімді қолданбай,әрекет процесінде туындайтын білімін қолдануға деген ынтасын тәрбиелеуде,дербестігін,жауапкершілігін,әлеуметтік бағдарлай білуін қалыптастыруда.Бірлесе жұмыс жасауда жұппен, топтық жұмысты қолдануарқылы қабілеттерін дамытуда.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасының міндеттерін іске асыру мақсатында мектеп жасына дейінгі балаларда ұлттық салт-дәстүрлер мен жалпыадамзаттық құндылықтарға негізделген рухани-адамгершілік бағдарларды қалыптастыру,«Ұлы даланың жеті қыры» мақаласының жобаларын ескере отырып, ата- аналардың жауапкершілігін арттыру және тәрбие процесіне белсенді тарту бойынша жұмыс жүргізілді.

Баланы жақсылық жасауға баулитын, рухани-адамгершілік қасиеттерге тәрбиелейтін негізгі орта-отбасы болып табылады. Педагогтердің міндеті - ата-аналарға отбасында, ең алдымен, ата-бабалар қалыптастырған адамгершілік және рухани әдет-ғұрыптар мен құндылықтардың сақталуы және берілуі ерек екенін, ата-аналар балаларды тәрбиелеуге жауапты және бала үшін отбасы-бұл тәрбие негізі, адамдарға, табиғатқа деген карым-қатынас қаланатын әлем екенін түсінуге көмектесу.

Әр мерекеге сай ертеңгіліктер өз уақытында өткізіліп отырды.Барлық ұйымдастырылыған оқу қызметтері көрнекіліктерге сай,эстетикалық талғамға сай жасалып,театр түрлері болды.

Ата-аналар үшін түрлі сауалнама,кеңестер,ашық есік күні өткізіліп отырды.

**3. МДТО үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін пәндік-кеңістіктік дамытушы орта құру(мектепке дейінгі жастағы баланың жеке,зияткерлік әлеуметтік және эмоционалды дамуын қамтамасыз ететін жағдай жасаудың бейне контенті,жабдықтар мен жиһазға жүк құжаттардың көшірмелері және бухгалтерлік есептілік деректерінен негізгі құралдар тізбесінің көшірмелері қоса берілді)**

Мектепалды даярлық тобына жеке екі кабинет берілген. Бөлме санитарлық-гигиеналық талаптарға сай жабдықталған. «Жұлдызай» шағын орталығында жеке кабинет, гардероб, дәретхана, жуынатын орны бар. Бөлме санитарлық-гигиеналық талаптарға сай жабдықталған.

Қазақстан Республикасы 31.10.2018 жылғы «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы №604 бұйрығы 1-қосымша 1 тарау,2 тармақ 6 тармақшасы «Заттық кеңістіктік дамытушы орта-мектеп жасына дейінгі балалардың тұлғалық,зияткерлік,әлеуметтік және эмоционалды дамуын қамтамасыз ететін жағдайлар жүйесі» Бес сала бойынша «Денсаулық», «Қатынас», «Шығармашылық», «Таным», «Әлеумет» білім беру салаларын жүзеге асыру үшін заттық-кеңістік дамытушы орта әр салалар бойынша папкалар жасақталып,көрнекіліктермен жабдықталған.

**4. МЖМБС және МДТО үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын орындауды қамтамасыз ететін «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бойынша білім бар тәрбиешілердің болуы(тәрбиеленушілерді тәрбиелеу және оқыту бойынша кәсіби қызметті жүзеге асыратын педагогтың дипломының көшірмелері қоса берілді)**

МЖМБС және МДТО үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын орындауды қамтамасыз ететін «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бойынша білім бар тәрбиешілер жұмыс жасайды (тәрбиеленушілерді тәрбиелеу және оқыту бойынша кәсіби қызметті жүзеге асыратын педагогикалық дипломдары бар)

**5.жеке оқу жоспарлары мен жеке бағдарламаларды әзірлеу кезінде баланың ерекшеліктерін ескере отырып ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларды оқытуда инклюзивті білім беру талаптарын орындау(бағаланатын кезеңге жеке оқу жоспары мен бағдарламаның көшірмелері қоса беріледі)**

Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалар болған жоқ.

**6. Баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын көрсеткіштер ретінде оқыту нәтижелері(мектепалды жасындағы тәрбиеленушілердің жеке даму жоспарларының(карталары) көшірмелері қоса берілді)**

қатар диагностиканың әр кезеңінен кейін баламен жеке түзету жұмысы жүйелі жүргізіледі.Баланы қолдау ,оның білім траекториясын құру немесе оның даму ерекшелігін кәсіби түзету үшін білім беруді даралау,жеке тұлғалық бағыт қағидасын іске асыру жұмыстары ұйымдастырылуда.

2020-2021 оқу жылында мектепалды даярлық және шағын орталықтың тәрбиеленушілерінен бастапқы, аралық, қорытынды бақылау алынып, мониторинг шығарылды.

**7.Зияткерлік конкурстарға қатысу нәтижелері(бағаланатын кезеңге растайтын құжаттардың көшірмелері қоса берілді)**

Тәрбиешілер зияткерлік конкурстарға тәрбиеленушілерді қатыстырып отырады. ПОНИ халықаралық олимпиадасына, республикалық, облыстық, аудандық сайыстарға үнемі қатысады.

| Оқу жылы | Қатысқан сайыстар |
|---|---|
| 2021 - 2022 | Халықаралық «Пони» Палитра байқауына 3 оқушы қатысты. 2оқушы ІІІ дәрежелі диплом Серік Тұрсынай,Досан Айзере |

**9. «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салаларына негізделген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын түрлі іс-әрекеттерді ұйымдастыру арқылы оларды кіріктіру жолдарымен іске асыру.(бағаланатын кезеңге перспективалық жоспар көшірмелері қоса берілді.)**

2017-2018, 2018-2019, 2019-2020, 2020-2021 оқу жылдарына арналған перспективалық жоспарлар бар.

**10.Тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің болуы (бастапқы мониторинг)Бағаланатын кезеңге мониторингтің көшірмесі қоса берілді.**

Мектепалды даярлық тобының үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын игеру бойынша балалардың біліктері мен дағдыларының бастапқы даму мониторингісі бойынша бастапқы,аралық,қорытынды мониторинг жүргізіліп отырылды.

Мониторинг Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталық базасында әзірленген Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын игеру бойынша балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг жүргізу бойынша әдістемелік ұсынымдар негізінде жасалды.

Негізгі білім беру салалары: «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» бойынша білім,білік,және дағдылардың қалыптасу деңгейін анықтау.

Қорытынды:

Мониторинг нәтижелері бойынша білі мен дағдылары төмен балаларға жеке даму парағы жасалып,жылдың соңына дейін жүргізіліп отырылды.Жеке жұмыс барысында балалардың білі мен дағдылары бастапқы,аралық көрсеткіштен әлдеқайда жоғарылап,балалардың даму нәтижесі қарқынды өсуіне ықпал етілді.

**Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғарғы көлеміне қойылатын талаптар:**

1)МДТО ҮОЖ белгіленген тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптарға сәйкестігі және сақталуы;

2) Оқыту тілдері бойынша апталық оқу жүктемесінің сақталуы.

Жұмыстық оқу жоспарындағы оқу жүктемесінің көлемі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына сәйкес келеді.

Мемлекеттік аттестаттау барысында сағат сандары тексеріліп,бағдарлама балалардың жас ерекшеліктеріне сай екені анықталды.

**Тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қойылатын талаптар:**

1)МЖМБС мен МДТО үлгілік оқу бағдарламасында анықталған әрбір білім беру саласы және әрбір ұйымдастырылған оқу қызметі бойынша жас топтары бойынша меңгеруге тиіс игеруге жататын білім,білік, дағдылар мен құзыреттіліктердің көлемін игеру 2) жас кезеңіне және оқу нәтижелерін бағалауға сәйкес тәрбиеленушілер жетістіктерінің мониторингі (қорытынды) нәтижелерінің болуы және талдау

Мектепалды даярлық тобының ата-аналарымен сауалнама жүргізілді.

Ата-аналар білім беру мекемесіне ,оның жұмысына «қанағаттанарлық» бағасын берді.

**11. Оқу мерзіміне қойылатын талаптар:**

*1)* Жас кезеңдерін сақтау және топтарды бірдей жастағы немесе әртүрлі жастағы принцип бойынша жинақтау(жас топтары тізімдерінің көшірмелері қоса беріледі);
Мектепалды даярлық тобының және «Құлыншақ» шағын орталығының тәрбиеленушілерінің жас кезеңдері сақталған,бірдей жас принцип бойынша жинақталған. Тәрбиеленушіні 1-сыныпқа қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру бойынша талаптарды сақтады;
Тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына сәйкес меңгерілуі тиіс білім,білік,дағды білім беру салаларын меңгерді.

Қорытынды:

Мектепалды даярлық тобы мен «Құлыншақ» оқу-тәрбие үрдісі мемлекеттік білім беру стандарты мен нормативті басқару құжаттарына негізделіп іске асырылды.

Тәрбиеші балаларға тәрбие мен білім берудің сапасын көтеру мен жетілдіруге байланысты мақсатқа бағытталған жұмыстар жүргізді.Тәрбиеші мектепте,аудан көлемінде ұйымдастырылған өткізілген оқу іс-әрекеттері,семинарлар,тренингтер,педагогикалық кеңеске қатысып, өз құзіреттілігін көтеріп жүр.Тәрбиеленушілердің мемлекеттік білім беру стандартын игеру деңгейі бағдарламалардың барлық тараулары бойынша іске асырылуда.Балалардың психологиялық және эмоционалды жағдайды жақсарту,денсаулықтарын нығайту мақсатында жұмыстар ұйымдастырылып,оқу-әдістемелік құралдар пайдаланылады.Білім беру мен тәрбиенің мақсаты өз деңгейінде жүргізіледі.Тәрбиешілер жаңа инновациялық технологиялар арқылы балаларға білім берді

**Бастауыш, негізгі орта жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары.**

**13.Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жаңартылған мазмұнына қойылатын талаптар:**

**1)Білім беру ұйымының жылдық жұмыс жоспарының болуы және МЖМБС талаптарында айқындалған жалпы орта білім берудің базалық құндылықтарына, мақсаттары мен міндеттеріне сәйкестігі (бағаланатын кезеңге жылдық жұмыс жоспарларының көшірмелері қоса беріледі).**

Мектептің әр оқу жылына арналған оқу – тәрбие жұмыс жоспарлары бар.

Жұмыс жоспарлары тамыз айындағы педагогикалық кеңестерде талданып бекітілді. Жылдық жұмыс жоспарлар бірнеше тараудан тұрады.

Жұмыс жоспарларының тараулары жылдық жұмыс жоспарын талдау қорытындыдан басталады, содан кейін мақсат, міндеттер қойылады, мектеп жасындағы балаларды жалпыға бірдей міндетті оқумен қамту тарауы, ұйымдастыру педагогикалық

шаралар, кадрлармен жұмыс, әдістемелік жұмыс, мектепішілік бақылау, тәрбие жұмысы, ата – анамен жұртшылықпен байланыс, мектептің экономикасын дамыту және материалдық базасын нығайту жұмыстары жоспарланды.

**2. Білім беру ұйымының басшысымен бекітілген жұмыс оқу жоспары мен сабақ кестелерінің болуы және ҚР БҒМ – нің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген (нормативтік актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде №8170 болып тіркелген) бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына және МЖМБС талаптарына сәйкестігі. Бағаланатын кезеңге жұмыс оқу жоспары мен сабақ кестелерінің көшірмелері қоса беріледі;**

«Толыбай жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2021 – 2022 оқу жылына арналған оқу жұмыс жоспарлары бар.

2021 – 2022 оқу жылына арналған жұмыс жоспары жасалды. Жұмыс жоспары 2 – 4 сыныптарда білім беру процесі ҚР БҒМ 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының 2 – қосымшасы Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. ҚР БҒМ Бастауыш негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспары бекіту туралы ҚР БҒМ – нің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2021 жылғы 20 тамыздағы № 415 бұйрығына 1 – қосымша «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған бастауыш білім берудің (жаңартылған мазмұнның) үлгілік оқу жоспары. 5 – 9 сыныптарда білім беру процесі ҚР БҒМ – нің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген (2020 жылғы 28 тамыздағы № 372 өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының 3 – қосымшасы «негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты ҚР бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарын бекіту туралы ҚР БҒМ – нің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2021 жылғы 20 тамыздағы № 415 бұйрығына 6 – қосымша оқыту қазақ тілінде жүргізетін сыныптарға арналған негізгі орта білім берудің (жаңартылған мазмұнның) үлгілік оқу жоспары. 10 сыныпта білім беру процесі ҚР БҒМ – нің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген (2020 жылғы 28 тамыздағы № 372 өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының 4 – қосымшасы ҚР БҒМ – нің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2021 жылғы 20 тамыздағы № 415 бұйрығына 31 – қосымша. 11 сыныпта ҚР бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы ҚР БҒМ – нің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2019 жылғы 15 мамырдағы № 205 бұйрығына 1 – қосымша оқыту қазақ тілінде жүргізілетін жаратылыстаны – математика бағыты бойынша жалпы орта білім берудің (жаңартылған мазмұнының) үлгілік оқу жоспары жасалды.

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 16 тамыздағы №611 бұйрығымен бекітілген. Білім беру объектілеріне қойылатын санитарлық – эпидемиологиялық талаптар санитарлық қағидаларына 3,4 қосымша жалпы білім беретін ұйымдардағы апталық оқу жүктемесі қиындығы бойынша пәндерді саралау кестесін негізге ала отырып сабақ кестесі құрылды.

**3)Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №8424 болып тіркелген)жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылатын инварианттты компонент пәндерінің базалық мазмұнын игеру;**

2017-2018 оқу жылында Оқу жоспары ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысымен бекітілген ҚР орта білім берудің (бастауыш,негізгі орта,жалпы орта білім беру мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты), 2013 жылдың 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу бағдарламалары негізге алып құрылды.

**4)Білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жаңа білімді меңгеруге,ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру(бағаланатын кезеңге тәрбие жұмысы жоспарының көшірмесі қоса беріледі); (№5 папка)**

Толыбай жалпы орта білім беретін мектебінің 2021-2022 оқу жылындағы Тәрбие жұмысының жоспары Қазақстан Республикасының Ата заңы, Қазақстан Республикасының «Білім туралы заңы», Қазақстан Республикасының «Бала құқығы», Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері;

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 1 қазандағы №525 бұйрығымен бекітілген, Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың Тұжырымдамалық негіздеріне сәйкес жасалды.

Тәрбие жоспарлары директор жанындағы отырыста, педагогикалық кеңесте, ғылыми әдістемелік кеңесте тәрбие жұмысын ҚР үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасы басшылыққа алынып, 8 бағыт бойынша мектепішілік тәрбие жұмысының жылдық жоспары жасалып, бекітілді.

Жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтар тұтас педагогикалық процестің өзегі бола отыра, тәрбие жұмысының барлық бағыттары арқылы өтеді.

- 1. Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбиелеу.
- 2. Рухани-танымдық тәрбие
- 3. Ұлттық тәрбие
- 4. Отбасылық тәрбие
- 5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие
- 6. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие
- 7. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу
- 8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

Тәрбие жұмысының өзекті мәселесі: «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында халық дәстүрлерін дәріптей отырып, жас жеткіншектердің бойына азаматтық пен Қазақстандық патриотизмді қалыптастыру.

**Мақсаты:**

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде жан – жақты және үйлесімді дамыған тұлға тәрбиелеу.

**Міндеттері:**

1. Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азамат пен патриоттың қалыптасуына ; тұлғаның саяси құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруға; балалар мен жастардың құқықтық санасының өсуіне, оның балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық – зомбылық көріністеріне қарсы тұруға дайын болуына ықпал ету.
2. Тұлғаның руханы – адамгершілік және этикалық принциптерін, оның қазақстандық қоғам өмірінің нормалары және дәстүрлері мен келісілген моральдық қасиеттері мен мақсаттарын қалыптастыруға ықпал ету.
3. Тұлағының жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағдарлануына, ана тілі мен қазақ халқының, Қазақстан Республикасында тұратын этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуіне ықпал ету.
4. Бала тұлғасын қалыптастыруда ата – аналардың ағарту жұмысын, психологиялық – педагогикалық құзіреттіліктерін күшейтуге, бала тәрбиесі үшін олардың жауапкершілігін арттыруға ықпал ету.
5. Тұлғаның еңбек дағдыларын экономикалық ойлауы мен кәсіби қалыптасуы мен өзін – өзі іске асыруына саналы қарым – қатынас қалыптастыру, экологиялық мәдениетін дамыту, сондай – ақ коэволюция идеяларын қабылдау қабілетіне және оны күнделікті өмірде басшылыққа алуына ықпал ету.
6. Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын дамытуды қамтамыз ететін уәждемелік кеңістік қалыптастыру, оның ақпараттық мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету.
7. Білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құруға ықпал ету, жалпы мәдени мінез – құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнерде және болмыста эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту.
8. Салауатты өмір салты дағдыларын тиімді меңгеру, дене дамуы мен психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату.

2021-2022 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін ұйымдарында ғылым негіздерін оқытудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хатпен сынып жетекшілері таныстырылды.

А) Тәрбие Тұжырымдамалық негіздері

Ә) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Рәміздері заңының орындалуы және қолданылуы

Б)Жылдық тәрбие жұмысының жоспары қарап бекітілді

## Жалпы ата-аналар жиналысының анықтамасы

Ата-анамен жұмыс жүргізудің ең қолайлы түрі ата-аналар жиналысы. Сондықтанда ата-аналардың мектеппен ынтымақтастығының басты баспалдақтарының бірі – оқу жылында өткізілетін жалпы мектепішілік ата-аналар жиналысы болып табылады. Биылғы оқу жылында мектепішілік ата-аналар жиналысы қыркүйек айында 1 рет болды. Мектепішілік ата-аналар жиналысында барлық ата-анаға тән мәселелер қаралды, яғни ҰБТ, оқушылардың құқықтары мен міндеттері, күз, қыс мезгіліндегі балалардың өмір қауіпсіздігі, ата-аналарға арналған мектепшілік ереже және соңғы жылдары өте жиі белең алып жатқан проблемалардың бірі – суицид мәселесі туралы және мектепте ата-аналар кеңесінің құрамы, аналар клубы, әкелер клубын сайлау туралы мәселелер қаралды.

  

**15 қыркүйек отбасы күніне орай ұйымдастырылған іс-шара туралы**

Әйтеке би ауданы, ішкі саясат бөлімінің 2021 жылғы 9 қыркүйек №66 хаты негізінде Қыркүйек айында дене тәрбиесі мен салауатты өмір салты және денсаулық тәрбие бағыты бойынша «Отбасылық құндылықтар» челленджі ұйымдастырылды. Сонымен қатар отбасы мерекесіне байланысты 2-11 сыныптарда тәрбие сағаттары өтті .

   

Сабақта отбысындығы сыйластық, құндылықтар, туыс, бауыр деген ұғымдар туралы ақпараттар берілді. Оқушылар көптеген шығармашылық жұмыстар жасап белсенділік танытты. Атқарылған жұмыстар инстаграм желісіне жарияланды.

**Электр тогының қауіптілігінің алдын алу туралы өткен тәрбие сағаттар**

Облыстық білім басқармасының тапсырмасына орай 2-11 сыныптарға, сынып жетекшілері электр тогының қауіптілігінің алдын-алу мақсатында ашық тәрбие сағаттарын өткізді. Тәрбие сағатына аулымыздың электрик маманы Суликов Дәуренбек қатысып, ток согудан сақтану, алды-алу ережелерін түсіндірді.

   

Сабақтың мақсаты: электр тогының қауіпсіздігі , адам өміріне зияны . сақтану жолдары айтылып оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында өтті.

Қамқоршылық кеңесінің жоспары құрылып, мүшелерімен кездесу ұйымдастырылды.

**« Жауқазын » қыздар клубының өткізілген іс-шара анықтамасы**

« Жауқазын » клубының жетекшісі Мыңбаева Индираның ұйымдастыруымен , тәрімгер ,мектеп псих, медбикенің қатысумен 5-11 класс қыздарының отырысы өтті . Отырыста жылдық жоспармен таныстырылып,атқарылатын жұмыстарды талқылады.





**«Жігер » ұлдар клубының өткізілген іс-шара анықтамасы**

2021-2022 оқу жылында мектебімізде «Жігер » атауымен ұлдар клубы құрылды. Клубтың жетекшісі музыка пәнінің мұғалімі Е. Ермаганбетов сайланды. Ұлдар клубының жетекшісі Е.Ермаганбетов ер балалармен «Құқық бұзушылықтың алдын-алу мақсатында жиналыс өткізіп, клубтың жұмыс жоспарымен таныстырды. Ер балаларға құқық бұзушылықтың алдын алу жөнінде мәліметтер берілді. Ер балалар өз ойларын ортаға салып, көптеген мәселер талқыланды. Жиналыста мектеп психологы Ж .Есенова. Мектеп әлеуметтік педагогі Н. Әбілхан оқушылармен тренинг өткізді.





Әйтеке би аудандық білім бөлімінің 2021 жылғы 03 қыркүйек күні хаты негізінде Ұлттық тәрбие бағыты бойынша 5- қыркүйек тілдер мерекесіне орай аудандық іс-шара жоспары бойынша « Тіл-ғұмыры –ұлт ғұмыры » атты апталық ұйымдастырылды. Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері А. Танкина, Г. Сапарова. А.Ғабитқызы «Тіл баға жетпес мұра» , «Ана тіліміз-ұлттық құндылығымыз » тақырыбында эссе және оқушылар шығармашылығы сайысы өтті. «Ана тілім –ата бабам мұрасы »қабырға газеті шығарылды. «Ана тілім - айбыным» атты апталықтың жабылуы болып, белсенді қатысқан оқушылар марапатталды.

**Зорлық – зомбылықтардың алдын алу мақсатында өткен іс-шара туралы**

Әйтеке би аудандық білім бөлімі Әйтеке би ауданының прокуратурасының 2021жыл 23 қыркүйек №2-0302-21-00898 хаты негізінде, білім беру ұйымдарында кәмелетке толмағандарға қатысты сексуалдық сипаттағы қылмыстарды анықтау, жолын кесу және тұрмыстық зорлық-зомбылықтардың алдын алу мақсатында « Әрқашан жақыныңа жәрдемші бол !» тақырыбында 2-11 сыныптар аралығында тәрбие сағаттары өтті. Оқушыларға зорлық-зомбылықтың алдын алу сондай-ақ сақтану одан сақтану шаралары

және қауіпсіздік ережелері жөнінде кеңінен түсіндіріп, видео, слайдтар көрсетілді. Сонымен қатар мектеп психологы Ж.Есенова психологиялық тренингтер өткізді. Мектеп медбикесі А. Солтан қыз балалармен әңгімелесіп зорлық - зомбылықтан сақтану жолдарын түсіндіру жұмыстары жүргізілді.






Сабақты Солтан А және мектеп психолгі Ж.Есенова өткізді .

**Өрт кезіндегі қызметкерлердің іс -әркеті қауіпсіздігіне өткізілген іс-шара туралы**

Ақтөбе қаласының және аудандық білім бөлімінің 2021 жылғы №2-5060 хаты негізінде 10 қазанда оқушылар мен мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиеленушілері арасында өрт қауіпсіздігі, балалардың жарақаттануының алдын алу жұмыстарын оқыту және тиімділігін арттыру мақсатында санитарлық эпидемиологиялық нормаларды қатаң сақтай отырып, «Өрт кезіндегі қызметкерлердің іс-әрекеті» тақырыбында практикалық оқу- жаттығу өткізілді. Оқушыларға өрттің алдын алу және өрттен қалай сақтану жөнінде мәліметтер айтылып, қауіпсіздік ережелерімен танысты. « Өрт шыққанда не істеу кере ?» тақырыбында өрт сөндіру қауіпсіздігі балалардың жарақаттануының алдын алу жұмыстарын оқыту және тиімділігін арттыру мақсатында 2 - 11 сыныптарда түсіндіру жұмыстары өтті. Өткізген : АӘД жетекшісі Құлмұратов Ө




**5 қазан ұстаздар күніне орай өткізілген іс-шара анықтамасы**

Ақөбе облысының білім басқармасы «Ақтөбе- Дарын» өңірлік ғылыми- тәжірбиелік білім беру орталығының 2021жылғы 21 қыркүйек №456 хаты негізінде 5 қазан құрметті мамандық иелері- Ұстаздар күніне арналған «Ұстазыма мың алғыс» челленджі ұйымдастырылды. Челленджге мектеп оқушылары, студент түлектер қатысып ұстаздарға жүрек жарды тілектерін арнады. Челлендж мктептің әлеуметтік желісіне жүктелді. Рухани- адамгершілік бағытында, сонымен қатар «Өнегелі бір-сағат» жобасы бойынша мектеп оқушылары «Ұстаз-ұлы тұлға» атты мерекелік концерт ұйымдастырды. Ұстаздар қауымына керемет көңіл-күй сыйлады.




**« Рухани жаңғыру» аясында « Туған жерге тағзым » жобасы туралы**

« Рухани жаңғыру» аясында « Туған жерге тағзым » жобасын жүзеге асыру мақсатында , мектеп мұғалімдерінің және « Құлыншақ » ШО ның ата-аналарының көмегімен балаларға арнап « Құлыншақ » ШО-ғаойыншықтар тару етілді






**« Рухани келісім күні- тұрақтылықтың іргетасы » іс-шара туралы**

18-22 қазан аралығында « Рухани келісім күні- тұрақтылықтың іргетасы » тақырыбында іс-шаралар өтті. Тәрбие сағаттары, танымдық сабақ, сайыс сабақтары болды.






**« Ерте жастан экологиялық мәдениет » жобасы туралы**

« Ерте жастан экологиялық мәдениет » жобасы аясында « Таза болса табиғат , аман болар адамзат » 5 сыныпта Қалдыбайқызы Ақорынның ашық тәрбие сағаты өтті .






Ж.Жабаевтың 175 жылдығына орай қазақ тілі және әдебиет пәнінің мұғалімі « Жамбыл және жасұрпақ» танымдық сабағын өткізді. Сабақта Ж.Жабаевтың өмірі ,шығармашылығы , өлеңдері туралы шығармашылық тапсырмалар орындалды.




Жамбыл сүйген ән-күйлер» сазды кеш Ермаганбетов Ерболдың жетекшілігімен өтті .



**1желтоқсан ҚР Тұңғыш Президенті және 16 желтоқсан ҚР Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай өткен іс-шара туралы**

Ақтөбе облысының білім басқармасының 2021 жылы №2-5937 хаты негізінде 1желтоқсан- Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті және 16 желтоқсан- Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күндеріне орай Қазақстан Тәуелсіздігінің құндылықтарын насихаттау жоспары аясында іс-шаралар ұйымдастырылды. Бастауыш сыныптар арасында тұңғыш Президент күніне орай « Менің Қазақстаным ! » суреттер байқауы « Менің Президентім»тәрбие сағаты 2-4 сыныптар.

« Менің Қазақстаным ! » « Менің Президентім» қабырға газеті байқауы 5-11 сыныптар
« Тәуелсіздіктің 7 қыры » циклының « Бір ел , бір тағдыр » деректі фильмін көрсету
Сынып сағаты 5-11
« Тәуелсіздіктің 7 қыры » циклының « болашаққа бастар жол » деректі фильмін көрсету
« Бірлігіміз жарасқан !» патриоттық әндердің челленджі 5-8 сыныптар
« Мен президент туралы не білемін?» челлендж 2-4 сыныптар

« Бір ел, бір тағдыр » тақырыбында эссе байқауы 5-11 сыныптар

« Қазақстанның Ядросыз мемлекеттке айналуындағы Тұңғыш Президент – Елбасының рөлі » тақырыбында дөңгелек үстел Ө. Құлмұратовтың сабағы өтті. 1 –желтоқсан Тұңғыш Қазақстан Республикасының Президенті күніне орай іс-шаралар өткізіліп, оқушылар марапатталды.

«Тәуелсіздік- ел ұландары» мерекелік концерт өтті












16 желтоқсан қарсаңында салтанатты жиын «Жас Ұлан » « Жас Қыран »ұйымына қабылдау сәті өтті






**«Арайлы алтын күз» тақырыбында өткізілген іс-шара анықтамасы**

Еңбек экономикалық және экологиялық тәрбие бағыты бойынша мектепшілік 2-11кл аралығында «Арайлы алтын күз» сайысы өтті. Сайысқа бастауыш МАД-4сыныптар, 6-11сыныптар арасында сайысқа түсті. Сайыс нәтижесінде 2кл бас жүлде, 4сынып 1орын, 3сынып 2орынға ие болды. Орта буын үшін Бас жүлде 7 сынып, 6 сынып 2орын 5сынып, 3орын . 11 сынып 1 орын , 2орын 8-9 сыныптар ,10сынып 3 орынға ие болды. Күз мерекесіне орай оқушыларды кәсіпке баулу мақсатында «Күз береке, күз молшылық» тақырыбында 1-11сыныптар арасында күзгі жәрмеңке өтті. Жәрмеңкеде оқушылар өз қолдарымен әр түрлі өнімдер пісіріп сатты.





5-11 сыныптар арасында «Дәстүрлі діндер арасындағы қарым - қатынас» сауалнама жүргізіліп «Жасөспірім және секталар» жадынамалармен таныстырылды.

«Дін және экстремизм», «Ланкестің қоғамға қаупсіздігі» тақырыптарында тәрби сағаттары өтті. «Дін туралы не білеміз?» тақырыбында Дукалова Г дөңгелек үстел өткізіп, оқушыларға діндер туралы қауіпсіздік ережелерімен,сақтану жолданымен таныстырды.







**Құқық бұзушылықтың алдын алу туралы**

2021 жылдың 22 желтоқсанында Әйтеке би аудандық ПБ-тің бастығының бірінші орынбасары , полиция майоры М.Т.Әкентай, Әйтеке би аудандық ПБ ЖПҚб КІТЖ УПИ полиция капитаны Ж.Тулегенов , УПИ полиция аға лейтенанты Н.Н. Сарсенбаевтың қатысуымен 5-11 сынып оқушыларына құқық бұзушылықтың алдын- алу бойынша және діни эктремизм мен терроризмге қарсы , нашақорлықтың алдың алу ,сонымен қатар кәсіптік бағдар беру негізінде ПБ жоғары оқу орнына түсу мәселесі туралы түсіндіру жұмыстары жүргізілді.





**« Өз құқығыңды білесің бе?»** тақырыбында мектеп тәлімгері А. Кулмаганбетова 8-11 сыныптар арасында дөңгелек үстел өткізді . Сабақта оқушылар бала құқығы туралы баптармен таныстырылды.





**5) Білім алушылардың рухани-адамгершілік,азаматтық-патриоттық,көркемдік-эстетикалық,еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін жиынтығында сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру сабақтан тыс іс-әрекеттің әр түрлі нысандарын ұйымдастыру (бағаланатын кезеңге қосымша сабақтар кестелерінің көшірмелері, сонымен қатар спорттық шығармашылық және мәдени конкурстарға,жарыстарға,фестивальдар мен байқауларға қатысу нәтижелері қоса берілді)**

Толыбай жалпы орта білім беретін мектебінде 2021 – 2022 оқу жылында мектепте үйірмелер мен секция жұмыстары үнемі жүргізіліп отырады. Үйірме жұмыстарына мектептің барлық оқушылары тартылған. Мектебімізде «Тоғызқұмалақ», «Шахмат», «Қазақ күресі», «Үстел тенисі» үйірмелері жұмыс жасайды.

**Мектептегі үйірмелер мен қосымша білім беру ұйымдарына қамтылған оқушылар**

| № | Оқу жылдары | Барлық оқушы саны | Үйірмеге қатысатын оқушылар | Пайызы | Мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарына қатысатын оқушылар | Секцияға қатысатын оқушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2020-2021 | 60 | 60 | 100% | - | 60 |

**Спорттық, шығармашылық және мәдени конкурстарға, жарыстарға, фестивальдар мен байқауларға қатысу нәтижелері (бағаланатын кезеңге растайтын құжатардың көшірмелері қоса беріледі**

| Олимпиадалар | Оқу жылы |
|---|---|
| | 2021 – 2022 |
| Аудандық | 13 |
| Облыстық | |
| Республикалық | |
| Халықаралық | |
| Барлығы | 13 |

**6.Білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып бейінді оқытуды іске асыру (оқытудың терендетілген және стандартты деңгейі)**
**Бейіндік пәндердің оқыту нәтижелері қоса берілді.**

Оқушылардың қызығушылық бағытының дамуына жағдай жасау келешекте игеруі тиіс кәсіби биімделуін қамтамасыз ету үшін 2020 – 2021 оқу жылында оқушылардың бейініне сәйкес физика, география пәндерін таңдады. Бұл таңдау оқушылардың және ата – аналардың келісімімен таңдалды. Бейіндік пәндер 2021 – 2022 оқу жылында 11 – класта аптасына 4 сағаттан өткізіледі.

**7.Инклюзив білім беру шеңберде ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін және ескере отырып жеке оқу жоспары мен жеке оқу бағдарламасын іске асыру (бағаланатын кезеңге жоспар мен бағдарламаның көшірмелері қоса беріледі)**
2021 – 2022 оқу жылының 1 наурызына дейін ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылар болған жоқ.

**8.ЖББ сәйкес жүзеге асырылатын вариативтік компоненттің факультативтері мен таңдау курстарын іске асыру (бағаланатын кезеңге вариативтік компонент сабақ кестелерінің көшірмелері қоса беріледі)**
Жоғарыда көрсетілген оқу жоспарлары басшылыққа алынып,вариативтік сағаттар бөлінді. 2021 - 2022 оқу жылында ЖББ сәйкес жүзеге асырылатын вариативтік компоненттің факультативтері мен таңдау курстары қағаз журналда жазылып жүзеге асырылды (құжаттардың көшірмелері қоса берілді)
Әр оқу жылының басында оқушылардың ой – өрісін зерттеу арқылы дарынды оқушыларды анықтап, жұмыс жоспары бекітіледі. Жоспар белгіленген уақыт бойынша жүзеге асып отырады. Қабілетті оқушылармен жұмыс жасайтын мұғалімдер оқушылардың оқу бағдарламасына сай білімді терең меңгерген, жеке шығармашылық қабілеті дамыған, ұлттық сана – сезімі жетілген және ішкі жан дүниесін тануға, өзін өзгелермен салыстыра алатын, іс әрекетке талдау жасай алатын, жоспарлау мүмкіндігі қалыптасқан тұлға тәрбиелеу жолында жоспарлы түрде жұмыстануда.
Қабілетті балалармен жұмыс барысында қолдау көрсету және ынталандыру жүйесінің міндетті жоспары, дарынды бала әрекетін бағалау өте маңызды болып табылады.

**Зияткерлік олимпиадалар мен конкурстарға қатысу нәтижелері (бағаланатын кезеңге растайтын құжаттардың көшірмелері қоса беріледі)**

| **Олимпиадалар** | **Оқу жылы** |
|---|---|
| | 2021 – 2022 |
| Аудандық | 2 |
| Облыстық | |
| Республикалық | |
| Халықаралық | |
| **Барлығы** | 2 |

**9. «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» міндетті оқу курсын зерделеу**

Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығының 14 тармағы 24 тармақшасын орындау мақсатында 1-4-сыныптарда "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсын міндетті меңгеру қамтамасыз етілді. Оқу курсының мазмұнын 2-4-сыныптарда "Дүниетану" оқу пәнінің шеңберінде: жылдық оқу жүктемесі 2-3-сыныптарда 6 сағаттан, 4-сыныпта 10 сағаттан бастауыш сынып мұғалімдері іске асырды.

Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығының 75 тармағы 6 тармақшасын орындау мақсатында "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсының мазмұны 5-9-сыныптарда дене шынықтыру оқу курсының аясында 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен дене шынықтыру мұғалімінің оқытуымен іске асырылды. "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" бойынша сабақтар міндетті болып табылады және оқу процесі кезінде жүргізілді.

81 тармағын орындау мақсатында "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсының мазмұны "Алғашқы әскери және технологиялық дайындық" оқу курсының аясында 12 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысының оқытуымен іске асырылды. Өмір қауіпсіздігінің негіздерін оқыту сабақтары міндетті болып табылады және оқыту уақытында жүргізілді.

**10. «Жолда жүру ережелері» міндетті оқу курсын іске асыру**

Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығының 14 тармағы 25 тармақшасын орындау мақсатында «Жолда жүру ережелері» оқу курсының мазмұнын 2 – 4 сыныптарда әрбір сыныпта 6 сағаттан сынып сағаттары есебінен және сабақтан тыс уақытта сынып жетекшілері жылдық жұмыс жоспарында тақырыптары мен мерзімін көрсете отырып, іске асырды.

Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығының 14 тармағы 35 тармақшасын орындау мақсатында 5-8 сыныптарда «Жолда жүру ережелері» оқу курсы сыныптан тыс уақыттарда және сынып сағаты есебінен 10 сағат көлемінде жүргізіледі.

«Жолда жүру ережелері» кіріктірілген оқу бағдарламасы сынып сағаттарының есебінен және сыныптан тыс уақытта жүргізілді.

**11. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2015 жылғы 17 маусымдағы №391 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілер тізілімінде №11716 болып тіркелген) білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін (бұдан әрі- біліктілік талаптары) сақтау). Біліктілік талаптарының сақталуы бойынша барлық растайтын құжаттары,оның ішінде жалпы білім беру ұйымы бойынша оқу және оқу-зертханалық жабдықтар мен жиһаздардың болуы жөніндегі бейнеконтент қоса беріледі.**

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 17 маусымдағы № 391 бұйрығымен бекітілген білім беру қызметіне қойылатын біліктілік

талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесіне сәйкес біліктілік талаптары сақталуда.

Бастауыш білім беру деңгейіндегі педагогтардың 71 % педагог – зерттеуші, педагог – сарапшы. 5-9 сыныптарда педагог – зерттеуші, педагог – сарапшы, ІІ санатты мұғалімдер 52 %, 10 – 11 сыныптарда педагог – зерттеуші, педагог – сарапшы 77 % құрайды.

Оқу жұмыс жоспарының пәндеріне сәйкес тиісті бейіндері бойынша педагогикалық білімі бар педагогтармен қамтылған.

Медициналық қызмет көрсетуге берілген лецензия № 10624DD. 07.11.2019 жыл. Мектепте медициналық кабинет жабдықталған, 0,5 штаттық медбике қызметі жұмыс жасайды. Санитарлық қағидалар мен нормаларға сәйкес тамақтану орны бар мектеп асханасы жабдықталған. Білім алушыларды тамақпен қамтамыз ету шарты жасалған. Қазақстан Республикасының Білім министрлігінің 11.09.2009 жылы № 12 – 203 \ 3280 «Білім беру орындарының оқушыларды тегін және жеңілдікпен ыстық тамақпен қамтамыз ету туралы» бұйрығын орындау мақсатында Толыбай жалпы орта білім беретін мектебінде жыл сайын мектепте болған кезіндегі бір реттік ыстық тамақпен қамтылуға ата – аналардың өтініштері бойынша қаралып, мемлекеттік қызмет көрсетілді. Педагогикалық алқа жиынның және «Қамқоршылық» кеңестің хаттамасы бойынша оқушылардың саны анықталып, ауылдық округ әкімімен тізім бекітілді.

| Оқу жылы | Жалпы оқушы саны | Ыстық тамақпен қамтылған оқушы саны | Мәртебесі бойынша | Арендатор |
|---|---|---|---|---|
| 2021 - 2022 | 60 | 12 | Көп балалы- 4<br>Аз қамтылған -2<br>Жартылай жетім-6 | Кеншинбаева Г.Р. |

Мектепте оқушыларды тегін тамақтандырудың сапасы үнемі бақыланып отырады. Тамақтану бекітілген ас мәзірі бойынша жүргізіледі. Әр айдың аяғында мектеп комиссиясы және асхана өкілдерімен тамақтану есебінің табелі бойынша күндер саны есептелінеді. Сонымен бірге, оқушылардың сабаққа келуі және тамақтануына сынып журналымен салыстыра отырып, тексеру жүргізіледі.

Толыбай жалпы орта білім беретін мектебінде жыл сайын атаулы әлеуметтік көмек алатын, көп балалы отбасы балаларына , толық емес отбасы балаларына жаппай білім беру қорынан бөлінген қаражатқа көмек беріліп отыр. Мектебімізден комиссия мүшелері құрылып, акт жасалады.

| **Оқу жылы** | **Бөлінген қаражат** | **Киіммен қамтылған оқушы саны** |
|---|---|---|
| 2021 – 2022 | 69083 | 12 |

Мектепте жаңа үлгіде физика, биология кабинеттері бар. Қазақ тілі кабинетінде 1 компьютер, 1 видиопроектор, бастауыш кабинеттерінде 2 компьютер, 2видиопроектормен қамтылған. Информатика кабинетінде 6 компьютер, 7 ноутбук бар. Интернет желісіне қосылған 4 компьютер бар. Интернет жылдамдығы – 10 мега\байт.

2021 – 2022 оқу жылының 1 наурызына дейінгі уақыт аралығында биология пәнінен 7 сыныпта, 14 зертханалық жұмыс, 8 сыныпта 16 зертханалық жұмыс, 9 сыныпта

9 зертханалық жұмыс, 10 сыныпта 6 зертханалық жұмыс, 11 сыныпта 6 зертханалық жұмыс жаңартылған оқу бағдарламасы бойынша және оқу стандартына сай бекітілген жоспар уақытында өткізіледі.

Мектеп кітапханасының қоры жылдан жылға өсуде. 2021 – 2022 оқу жылында 2951 дана кітап қоры бар. Оның ішінде 2743 мектеп оқулықтары, көркем әдебиет қоры 208 дана. Электронды оқулық саны 145 дана.

**14. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жаңартылған мазмұны бойынша білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар:**

**1)білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемінің сәйкестігі мен сақталуы**

| *Оқу жылы* | *2 класс* | *3 класс* | *4 класс* |
|---|---|---|---|
| 2021-2022 | 24 | 27 | 27 |

| *Оқу жылы* | *5 класс* | *6 класс* | *7 класс* | *8 класс* | *9 класс* |
|---|---|---|---|---|---|
| 2021-2022 | 31 | 31 | 34 | 35 | 36 |

| *Оқу жылы* | *10 класс* | *11 класс* |
|---|---|---|
| 2021-2022 | 37 | 39 |

Білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің сыныптағы және сыныптан тыс (факультативті,жеке және топтық сабақтары) оқу жұмыстарының барлық түрлерін қоса алғандағы ең жоғары көлемі орта білім берудің жалпы орта) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес.

**14. Білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар:**

**1)ЖБП үлгілік оқу бағдарламалары мен МЖМБС талаптарына сәйкес тиісті білім беру деңгейінің әрбір білім беру саласы (және оқу пәндеріне) бойынша білім алушылардың дайындық деңгейі (оқытудан күтілетін нәтижелер)(білім алушылардың қорытынды аттестаттау хаттамаларының,сондай-ақ ЖББ ҮОЖ инвариантті компонентінің әрбір оқу пәні бойынша бір бейне материал қоса беріледі)**

Оқу жылдарында оқу процесі 1 қыркүйектен бастап 25 мамырға дейін жүзеге асырылады. Оқу жылы ішінде каникулдар белгіленді. «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылаудың, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығы, оған енгізілген өзгерістер мен толықтырулар негізінде оқу жылындағы қорытынды аттестаттаулар өткізілді.

Қорытынды аттестаттау комиссиясының құрамы, өткізілуі туралы ұйрықтар шығарылып, қорытынды аттестаттауға дайындық жұмыстары жүргізілді. Негізгі орта білім беру бағдарламасын меңгерген 9 сынып оқушылары, жалпы орта білім беру оқу бағдарламасын меңгерген 11 сынып білім алушылары қорытынды аттестаттау тәртібіне сәйкес қорытынды аттестаттауды тапсырып отырды.

**14.2) 2,3,4- сыныптар үшін орындау мүмкіндігін ескере отырып (астрономиялық сағаттарда)үй тапсырмасына қойылатын талаптарды сақтау;**

2021-2022 оқу жылында білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығының 2-қосымшасы 4 тарау 61 тармағын орындау мақсатында Білім алушыларға үй тапсырмалары олардың орындау мүмкіндіктері ескеріле отырып берілді, 2-сыныпта 50 минуттан, ал 3-4-сыныптарда 1 сағат 10 минуттан (астрономиялық сағатта) аспайды.

**14.3.ҚР БҒМ-нің 2016 жылығы 21 қаңтардағы №52 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №13137 болып тіркелген) білім алушылардың білімін бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауды жүзеге асыру мен қалыптастырушы және жиынтық бағалау талаптарын сақтау (ТЖБ бұйрығы,кестесі,модерация хаттамасы көшірмесі берілді.)**

2021 – 2022 оқу жылында ТЖБ кестесі жасалынып, бекітілді. ҚР орта білім беру ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың 2021 – 2022 оқу жылындағы ерекшеліктері әдістемелік нұсқау хатта көрсетілген пән бойынша жиынтық бағалау саласына сәйкес қойылды.

**14.5. 4,9,11-сыныптардың білім алушыларымен күтілетін оқу нәтижелеріне қол жеткізуін айқындау және МЖМБС бекіткен тиісті білім деңгейінің мемлекеттік жалпы білім беру стандартының талаптарында көзделген білім беретін оқу бағдарламаларын меңгеру бойынша оқыту нәтижелерін бағалау**
**(білім алушылардың білік және дағды,білім сапасын бағалау ведомостарының көшірмелері қоса беріледі).**

**16.Оқу мерзіміне қойылатын талаптар:**
**1)тиісті деңгейдегі жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын игеру мерзімдеріне қойылатын талаптарды сақтау;**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығына 2-қосымша Орта білім беру «бастауыш,негізгі орта және жалпы орта білім) қызметінің үлгілік қағидаларына сәйкес жүзеге асырылды.
Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламасын меңгеру мерзімі -4 жыл. Оқу жылының ұзақтығы 2-4-сыныптарда 34 оқу аптасын құрайды.
Негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламасын меңгеру мерзімі- 5 жыл. Оқу жылының ұзақтығы-34 оқу аптасы
Жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламасын игеру мерзімі -2 жыл. Оқу жылының ұзақтығы-34 оқу аптасы
Оқу жылдарында оқу процесі 1қыркүйектен бастап 25 мамырға дейін жүзеге асырылады. Оқу жылы ішінде каникулдар белгіленеді.

**2)сыныптар бойынша оқу жылының ұзақтығына және оқу жылындағы каникул уақытының ұзақтығына қойылатын талаптарды сақтау**

Орта білім беру ұйымдарында оқу жылын бастау туралы бұйрық шығарылады.

«Толыбай жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі оқу-тәрбие жұмысын зерделей келе төмендегідей ұсыныстар береді:

1. Жас мамандардың білім-біліктілігін жетілдіру курстарынан, жаңа үлгідегі деңгейлік курстардан жүйелі түрде өткізу, арнаулы орта білім деңгейлерін жоғары білімді мамандыққа жетілдіруін ұйымдастыру;
2. Бастауыш сыныптан бастап оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын және ғылым негіздерін тереңдете оқытуды жандандыру;
3. Сабақ жоспарын оқу мақсатына негіздеп құра отырып, оқыту үдерісіне сараланған тапсырмаларды енгізу арқылы оқушыларды ынталандыру;
4. Негізгі орта және жалпы орта мектеп бітіруші түлектерінің білім сапасын арттыру бағытындағы жұмыстарды жетілдіру.

**<u>Қорытынды</u>**

Тексеру барысында білім саласындағы нормаларына қайшы келетін құқық бұзушылықтар анықталған жоқ. Мектеп қызметін және ішкі тәртібін іске асыратын құқықтық құжаттары жасақталған. Білім саласындағы бағдарламалары орындалуда және мектепке қойылатын талаптары заңнамаға сәйкес келеді. ««Толыбай жалпы орта білім беретін» коммуналдық мемлекеттік мекемесі мемлекеттік аттестаттау барысында білім беру ұйымының қызметін өзін-өзі бағалау жұмыстарының нәтижесі бойынша мемлекеттік аттестаттау комиссиясы «Толыбай жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесін аттестаттауға ұсынылады.

Мектеп директоры: ________ А.Каирбаева

Комиссия мүшелері: ________ Г.Диханбаева
________ Н.Ермаганбетова
________ А.Мыржакупова
________ Н.Абилханов

«Толыбай жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі оқу-тәрбие жұмысын зерделей келе төмендегідей ұсыныстар береді:

1. Жас мамандардың білім-біліктілігін жетілдіру курстарынан, жаңа үлгідегі деңгейлік курстардан жүйелі түрде өткізу, арнаулы орта білім деңгейлерін жоғары білімді мамандыққа жетілдіруін ұйымдастыру;
2. Бастауыш сыныптан бастап оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын және ғылым негіздерін тереңдете оқытуды жандандыру;
3. Сабақ жоспарын оқу мақсатына негіздеп құра отырып, оқыту үдерісіне сараланған тапсырмаларды енгізу арқылы оқушыларды ынталандыру;
4. Негізгі орта және жалпы орта мектеп бітіруші түлектерінің білім сапасын арттыру бағытындағы жұмыстарды жетілдіру.

**<u>Қорытынды</u>**

Тексеру барысында білім саласындағы нормаларына қайшы келетін құқық бұзушылықтар анықталған жоқ. Мектеп қызметін және ішкі тәртібін іске асыратын құқықтық құжаттары жасақталған. Білім саласындағы бағдарламалары орындалуда және мектепке қойылатын талаптары заңнамаға сәйкес келеді. ««Толыбай жалпы орта білім беретін» коммуналдық мемлекеттік мекемесі мемлекеттік аттестаттау барысында білім беру ұйымының қызметін өзін-өзі бағалау жұмыстарының нәтижесі бойынша мемлекеттік аттестаттау комиссиясы «Толыбай жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесін аттестаттауға ұсынылады.

Мектеп директоры: __________ А.Каирбаева

Комиссия мүшелері: __________ Г.Диханбаева
__________ Н.Ермаганбетова
__________ А.Мыржакупова
__________ Н.Абилханов